

8D10110 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Трушева Қымбат Саматқызының «Миокард инфарктынан кейінгі стенттелген және стенттелмеген науқастарда жүрек оңалтуының модульдік бағдарламасын дайындау және клиникалық тұрғыдан тиімділігін бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы стратегиялық басым бағыттарымен толық сәйкес. Жүрек-қан тамыр ауруларының жоғары таралуы және өлім-жітім құрылымындағы үлесінің басымдығы миокард инфарктынан кейінгі науқастарға арналған жүрек оңалтуының модульдік бағдарламасын әзірлеу, оны клиникалық тұрғыдан бағалау мен жетілдірудің өзектілігін және жоғары әлеуметтік маңызын айқындайды.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиямен бекітілген ғылымды дамытудың басым бағыты – «Өмір және денсаулық туралы ғылым» шеңберінде орындалған.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері медицина ғылымының дамуына елеулі үлес қосады, жұмыстың маңыздылығы жақсы ашылған және зерттеу барысында алғаш рет миокард инфарктынан кейінгі науқастарға арналған модульдік жүрек оңалту бағдарламасы жасалып, оның клиникалық тиімділігі анықталған. Бағдарлама

			<p>физикалық, психоэмоционалдық және мінез-құлықтық оңалту компоненттерін, науқас пен отбасы мүшелерін оқытуды, қауіп факторларын басқаруды және фармакотерапияны қамтиды. Зерттеу нәтижелері теориялық негізді толықтырып, клиникалық тәжірибеде миокард инфарктынан кейінгі науқастарға арналған жүрек оңалтуының модульдік бағдарламасын қолдануға мүмкіндік береді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	<p>Диссертациялық жұмыс аяқталған, өз бетінше орындалған ғылыми еңбекті білдіреді. Жұмысты орындау барысында диссертант зерттеуді ұйымдастырудың барлық кезеңдеріне, клиникалық материалды теру кезінде, пациенттерді тексеру кезінде белсенді қатысты, ол өз бетінше деректер базасын құрды, статистикалық өңдеу орындады және алынған нәтижелерді түсіндірді, тұжырымдар мен практикалық ұсынымдар жасады. Диссертациялық жұмысты орындау барысында диссертант академиялық адалдықтың негізгі құндылықтары мен принциптерін толық сақтады. Жоғарыда көрсетілген мәліметтер зерттеушінің диссертациялық жұмысты орындау процесіндегі дербестігінің жоғары деңгейін растайды.</p>
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толық негізделген және ғылымды дамытудың басым бағыттарына — әрі республикалық, әрі халықаралық деңгейде — толық сәйкес</p>
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			<p>келеді. Жұмыста Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) ұсыныстары, бағдарламалары және концепциялары есепке алынған. Зерттеліп отырған мәселе қазіргі таңда өзекті болып табылады, өйткені жүрек оңалту бағдарламаларын іске асыру науқастардың өмір сүру сапасын арттыруға, функционалдық жағдайын жақсартуға және олардың еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіру мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ғылыми жұмыста ресми статистикалық деректерге сілтеме жасалып, өзектілік нақты дәлелдермен негізделген. Жұмыстың құрылымы мен мазмұны тақырыпқа сай логикалық тұрғыда ретімен, барлық бөлімдер өзара өзекті және логикалық байланыста жазылған. Бұл ішкі бірліктің сақталғанын көрсетеді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p>	<p>Ғылыми зерттеу аясында диссертант зерттеу материалдарын толық көлемде жинап, алынған нәтижелерді жүйелі түрде талдай отырып, теориялық тұрғыдан негізделген, клиникалық практика үшін нақты маңызы бар және әлеуметтік мәні жоғары қорытындылар тұжырымдады. Зерттеу нәтижелері жүрек-қан тамыр ауруларынан кейінгі науқастарды оңалту үдерісін жетілдіруге бағытталған ғылыми және практикалық ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді. Трушева Қымбаттың диссертациялық жұмысы миокард инфарктынан кейінгі науқастарға арналған жүрек оңалту мәселесінің өзектілігін қамтитын кіріспеден,</p>
		<p>1) айқындайды;</p>	
		<p>2) ішінара айқындайды; •</p>	
		<p>3) айқындамайды.</p>	

		негізгі мазмұнын құрайтын үш тараудан, қорытындыдан, қосымшалардан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық жұмыс құрылымы мен мазмұны Қазақстан Республикасында ғылыми дәрежелер беру қағидаларына қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігін айқын көрсетеді.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық жұмыстың қойылған мақсатына сәйкес зерттеу мазмұны төрт негізгі міндеттен тұрады. Аталған міндеттердің әрқайсысы өзара логикалық байланыста болып, зерттеліп отырған ғылыми мәселенің мәнін ашуға, өзекті сұрақтарға жауап беруге және нақты практикалық шешімдер ұсынуға бағытталған.
	1) сәйкес келеді;	
	2) ішінара сәйкес келеді;	
	3) сәйкес келмейді.	
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен негізгі ережелері өзара нақты логикалық байланысқан. Зерттеу кезең-кезеңімен жүйелі түрде ұйымдастырылған. Барлық бөлімдер диссертациялық жұмыстың құрылымына сәйкес логикалық реттілікте орналасқан.
	1) толық байланысқан;	
	2) ішінара байланысқан; ,	
	3) байланыс жоқ.	
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыста зерттеуші ұсынған жаңа шешімдер, қағидағтар мен әдістер ғылыми тұрғыдан жан-жақты негізделіп, олардың тиімділігі мен қолдану мүмкіндігі бұрыннан белгілі отандық және шетелдік тәсілдермен салыстырмалы түрде бағаланған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер сыни талдау негізінде
	1) сыни талдау бар;	
	2) талдау ішінара жүргізілген;	
	3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
	4) талдау жоқ.	

			интерпретацияланып, ұсынылған шешімдердің артықшылықтары мен шектеулері анық көрсетілген. Сонымен қатар, жаңа әдістердің клиникалық және практикалық маңыздылығы дәлелді медицина талаптарына сәйкес жүйелі түрде қарастырылған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдалған ережелер ғылыми жаңалықтың жоғары деңгейімен сипатталады және отандық әрі шетелдік ғылыми әдебиеттерде бұрын ұсынылмаған. Автор әзірлеген тәсілдер, қағидаттар мен ғылыми қорытындылар мәселенің жаңа қырларын ашып, миокард инфарктынан кейінгі жүрек оңалту саласындағы ғылыми білімді толықтырады. Зерттеу нәтижелері теориялық тұрғыдан да, клиникалық практика тұрғысынан да дербес ғылыми маңызға ие. Алынған нәтижелер және олардың жоғары деңгейдегі жаңалық дәрежесі философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертацияға толықтай сәйкес келеді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	
		1) толығымен жаңа;	
2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);			
3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).			

			саласындағы ғылыми түсініктерді кеңейтеді. Қорытындылардың мазмұны зерттеу барысында алынған деректермен дәлелденіп, олардың толығымен жаңа екендігі айқындалған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық зерттеу аясында ұсынылған техникалық, технологиялық және басқарушылық шешімдер ғылыми тұрғыдан негізделіп, олардың жаңалығы зерттеу нәтижелерімен дәлелденген. Автор әзірлеген шешімдер қолданыстағы әдістермен салыстырмалы талдау негізінде бағаланып, миокард инфарктынан кейінгі жүрек оңалту үдерісін ұйымдастыру мен басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері, қорытындылары мен тұжырымдары негізделген, салмақты және дұрыс болып табылады. Қорытындылардың дұрыстығы қойылған мақсаттар мен міндеттерге, зерттеу әдіснамасына, материалдың жеткіліктігі және статистикалық негізделген көлеміне, автор қолданған зерттеудің клиникалық әдістерінің жиынтығына толықтай сәйкес екендігі расталады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді;	Докторанттың диссертациялық жұмысында ұсынылған негізгі қағидаттар мыналардан тұрады: құрылған модульдік бағдарлама миокард инфарктынан кейінгі стенттелген және стенттелмеген науқастар үшін тиімді, ғылыми негізделген және науқастардың жеке ерекшеліктерін ескеретін жүрек оңалту

	<p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>бағдарламасы болып табылады. Жүрек оңалтуының модульдік бағдарламасы миокард инфарктынан кейінгі науқастарда физикалық жүктемеге төзімділік көрсеткіштерін - метаболикалық эквивалент, оттегін максималды тұтыну, жаттығуды орындау ұзақтығы және психоэмоционалдық жағдайды, дәрілік комплаенттілікті жақсартады. Жүрек оңалтуының модульдік бағдарламасы миокард инфарктынан кейінгі науқастарда Сиэтлдік сауалнама нәтижелері бойынша өмір сүру сапасына жүрек оңалтуынан кейін, 3 айдан соң және 6 айдан соң оң әсерін тигізеді.</p> <p>Диссертацияда көрсетілген және қорғауға ұсынылған барлық негізгі ережелер:</p> <ul style="list-style-type: none"> -дәлелденген -тривиальды емес -жаңа -қолдану деңгейі-кең -автордың мақалаларында дәлелденген <p>Қорғауға ұсынылған барлық үш ереже импакт-факторы жоғары рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған, валидизацияланған және ғылыми тұрғыдан дәлелденген жарияланымдармен расталған.</p>
--	---	--

8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	<p>Диссертациялық жұмыста қолданылған зерттеу әдіснамасы ғылыми мақсат пен қойылған міндеттерге толық сәйкес таңдалып, оның құрылымы мен қолдану тәртібі нақты әрі жүйелі түрде сипатталған деп санаймын. Пайдаланылған дереккөздер сенімді, өзекті және ғылыми талаптарға сай болып, ұсынылған ақпараттың дәйектілігі мен дәлдігі қамтамасыз етілген. Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері мен нәтижелері 11 ғылыми жарияланған жұмыста толық қамтылған, оның ішінде: 1 мақала Scopus-те индекстелген басылымда; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала; Халықаралық конференциялар жинақтарында 4 тезис (оның ішінде 2 шетелдік); Авторлық құқық жарияланды.</p>
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми әдістерді қолдану арқылы алынған. Алынған зерттеу нәтижелерінің статистикалық өңделуі Statistica 10, R (4.3.2 нұсқасы) статистикалық деректерді талдау пакетін, логикалық және медициналық байланыстарды қолдану арқылы дербес компьютерде орындалды. Бұл ғылыми тәсілдердің дұрыс таңдалуы алынған нәтижелердің сенімділігі мен жаңалығын арттырады.</p>
	1) ия;		
	2) жоқ.		

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Қорғауға ұсынылған қорытындылар мен негізгі ережелер, анықталған байланыстар мен заңдылықтар автордың өзіндік зерттеу нәтижелерімен расталады және өзара логикалық түрде байланысты
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертация авторының маңызды ғылыми тұжырымдары өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы дәлелденген. Әдеби шолу бөлімінде де, зерттеу нәтижелерін талқылау барысында да заманауи отандық және шетелдік дереккөздер кеңінен қолданылған. Бұл жұмыстың ғылыми негізділігі мен алынған нәтижелердің сенімділігін арттырады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбының барлық негізгі аспектілерін қамтып, әдеби шолу жүргізуге жеткілікті көлемде ұсынылған. Әдебиеттер қатарында отандық және шетелдік жетекші ғылыми еңбектер, рецензияланатын халықаралық журналдардағы жарияланымдар, сондай-ақ беделді ғылыми ұйымдардың ұсынымдары қамтылып, зерттеу мәселесінің қазіргі жай-күйін толық сипаттауға мүмкіндік береді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері зерттеліп отырған мәселе бойынша теориялық білім қорын толықтырып, миокард инфарктынан кейінгі жүрек оңалту
		1) бар;	
		2) жоқ.	

			саласындағы ғылыми түсініктерді терендетеді. Ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен қағидаттар жүрек оңалту үдерісін ұйымдастырудың теориялық негіздерін жүйелеуге және одан әрі ғылыми зерттеулер жүргізуге әдіснамалық негіз ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсыныстар өзектілігімен ерекшеленіп, ғылыми тұрғыдан негізделген және оларды клиникалық тәжірибеде кеңінен қолдануға толықтай жарамды. Алынған мәліметтер клиникалық тәжірибеде қолдануға жарамды және еліміздегі жүрек оңалтуы екіншілік алдын алу шараларын қамтитын тәжірибені жетілдіруге өз үлесін қоса алады.
	1) ия;		
	2) жоқ.		
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстар жаңашыл сипатта болып табылады және ұсынылған шешімдер кардиологиялық стационарларда және реабилитациялық орталықтарда енгізілген жағдайда миокард инфарктынан болатын өлімді төмендетуге ықпал етеді.
	1) толығымен жаңа;		
	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);		
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілде жоғары академиялық сауаттылықпен жазылған, ғылыми стиль талаптарына толық сәйкес келеді және ғылыми этика қағидаттары сақталған. Жұмыстың мазмұны мен рәсімделуі ғылыми-техникалық талаптарға сай орындалып, автордың академиялық жазу мәдениетінің жоғары деңгейде екенін айқын көрсетеді.
	1) жоғары;		
	2) орташа;		
	3) орташадан төмен;		
		4) төмен.	

11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми маңыздылығын төмендететін принципті ескертулер жоқ.</p> <p>Кейбір стилистикалық тұрғыдағы ескертулер диссертация мазмұнына деген пікірді өзгертпейді және диссертациялық жұмыстың оң жақтарын төмендетпейді.</p>
12.	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Диссертациялық жұмыс аясында орындалған ғылыми еңбектер (мақалалар, тезистер) жоғары ғылыми деңгейге ие.</p> <p>Мақалалардың ғылыми деңгейі жоғары, бұл олардың халықаралық рецензияланатын журналдарда және БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда мақалалардың жариялануымен расталады.</p>
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		<p>Сонымен, Трушева Қымбат Саматқызының «Миокард инфарктынан кейінгі стенттелген және стенттелмеген науқастарда жүрек оңалтуының модульдік бағдарламасын дайындау және клиникалық тұрғыдан тиімділігін бағалау» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Медицина» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысын қарастыра келе, ұсынылған жұмыстың аяқталған өзіндік ғылыми жұмыс екенін атап өткім келеді. Диссертациялық жұмыс ішкі бірлік, ғылыми жаңалық, практикалық құндылық, академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып орындалғанына байланысты ҚР БҒМ «Дәреже беру ережелері» болып табылатын</p>

			талаптарға толықтай сәйкес келеді және оның авторы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне лайық. Трушева Қымбат Саматқызына философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруді ұсынамын.
--	--	--	---

Ресми рецензент:

медицина ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
№2 ішкі аурулар кафедрасының жетекшісі,
«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
медицина университеті» КеАҚ,
Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы.
Маресьева, 68 көшесі, 030019



Құрманалина Гүлнара Лұқпанқызы